

Келісілді:



Бурабай аудандық білім
бөлімінің басшысының
мәжілісін ашарушы

Раушан Күнтуған

2023 ж

Бекітемін:

Кіндікқарағай ауылының
негізгі орта мектебінің
директоры



К.С.Бекебаева

2023 ж

ОҚУ ЖОСПАРЫ

2023 – 2024 оқу жылы

«Ақмола облысы білім басқармасының
Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі
Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Педагогикалық
кеңестің отырысында қарастырылды
№ 1 28.08.2023ж.

2023-2024 оқу жылы
Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебінің мектепалды
сыныбының оқу жоспарына арналған түсінік хат

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі Заң) айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің бастапқы деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады (Заңның 30-бабы).

Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 106 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепалды даярлық тобының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 аусымдағы № 391 бұйрығына сәйкес құрылды.

Балалардың мектепалды даярлығының негізгі мақсаты мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы, жеке, физикалық дамуын, білімді меңгеруге даярлығын қамтамасыз ету, балада оқу іс-әрекетін меңгеруге қажетті жеке қасиеттерді қалыптастыру. Мектепалды даярлық сыныбында білім беру мазмұны балалардың танымдық, қатынас, эстетикалық және физикалық потенциалын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Әлеуметтік орта» және «Шығармашылық» білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады. «Денсаулық» білім беру саласында балалардың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтының ережелерін саналы түрде сақтауын қалыптастыруға, сауықтыру-гигиеналық процедуралар өткізуге эмоционалды-жағымды қатынасқа, қозғалыстарды жетілдіруге, физикалық және мықтылық қасиеттерін дамытуға, балалардың дербестігіне бағытталған педагогикалық жұмыстардың шарттары мен мазмұны, міндеттері белгіленген. Мектепалды даярлық сыныбының вариативтік бөлімінен «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Қоршаған ортамен танысу», «Музыка» пәндеріне 2 сағат, ал «Сауат ашу негіздері», «математика негіздері» пәндеріне 3 сағат, «сурет салу», «Мүсіндеу», «Апликация», «Құрастыруға» 1 сағат берілді.

**Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебінің
мектепалды сыныбының
2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет /балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиынтығы	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3сағат
	Дене шынықтыру	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым қатынас іс-әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас, таңымдылық белсенділігі	Күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Таңымдық, зерттеу әрекеттері	Күн сайын	
4	Қоршаған ортамен танысу »		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті , таңымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеттері, еңбек іс-әрекеті	Күн сайын	
5	Сурет салу		1сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс – әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Күн сайын	
	Музыка		2сағат
	Музыка	Күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Ескерту:

- Ұйымдастырылған іс-әрекет –Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ,соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті

(ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

***** Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

****** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты – музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.**

Тексерген:

Білім бөлімінің әдіскері:



Кажкенова А.Т.